

Әдебиеттер тізімі

- 1 Защита от оружия массового поражения / Под ред. В.В. Мясникова. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.:Воениздат, 1989. – 398 с.
- 2 Айбын. Энциклопедия /Бас. ред. Б.Ө. Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 880 бет.
- 3 Джексенбаев Ш. «...И горек дым войны»: Воспомяная /Лит. Запись М.Сулейменова/. – Алма-Ата: Жалын, 1985. – 212 с.

ҚҰПИЯ СОҒЫСТЫҢ СОЛДАТЫ

Баймухатова Б.Х., тарих пәні мұғалімі

Жамбыл атындағы мамандандырылған-мектеп-лицей-интернаты

Қарағанды, Қазақстан

Bakyt_1974@inbox.ru

Кеңестер Одағының Ұлы отан соғысындағы жеңісіне биыл 80 жыл толады. Дегенмен, 25000000 адамды жер жастандырған осы соғыстың ашылмаған беттері, жазылмаған парақтары көп екендігін біріміз білсек, біріміз білмейміз. XX ғасырда адамзат басынан кешкен алапат соғыстың тарих оқулығында жазылмаған, осы уақытқа дейін толық зерттелмеген қырлары әлі де жеткілікті. Соның бірі менің атам Тілеубаев Баймұқат. Мен өзім тарихшы болғандықтан, атам Тілеубаев Баймұқаттың өткен өмірі, Ұлы Отан соғысы кезіндегі атқарған қиын қызметі қатты қызықтырды.

Ұлы Отан соғысының ардагері Тілеубаев Баймұқаттың өмір жолындағы кейбір оқиғалары әскери құпия ретінде көп уақытқа дейін қозғалмай келді.

Тілеубаев Баймұқат Молдабекұлы 1917 жылы Қарағанды облысы, Қоңырат ауданы, Қарабұлақ ауылдық кеңесіне қарасты Кіндікті деген жерде дүниеге келген. 1937 жылы аудан орталығындағы М. Горький атындағы орта мектепті аяқтап, 1938-1939 жылдар аралығында Өзбекстанның Ташкент қаласында №389 артилериялық полктің құрамында әскери борышын өтейді. 1941 жылы партия қатарына өтіп, 1942 жылға дейін Қоңырат аудандық оқу бөлімінде әскери инспектор болып қызмет атқарады.

1942 жылы Ресейден көшіріліп әкелген қорғаныс заводының алдына қойылған аса маңызды әскери міндеттерді орындау үшін тыл еңбеккерлері арасында Баймұқат Тілеубаев барып, Балқаш қаласында уақытпен санаспай күндіз-түні жұмыс жасайды.

Заводта істеп жүрген кезінде Баймұқат Тілеубаев орталық Комитет тарапынан жасақталған әскери бөлімнің құрамында Шығыс Түркістанға халық жасақтарына кеңесші болып бару жөнінде арнайы тапсырма алады. [1]

Шығыс Түркістан – көне түркінің «мәңгілік ел» идеясының аясында өмір сүрген түркі дүниесінің ата мекені, бөлшекке түскен қазақ жері.

Өткен ғасырда Қазақстандағы қазақтар Ресей құрамында, ал Қытайдағы қазақтар Қытай құрамында болғанда Ілеге қатысты екі ел Петербор келісімін жасап, шекара сызығы сызылды. Солайша Шығыс Түркістан жері арғы бетте қалып қойды. Сол жердегі қазақтар 1944 жылы Шығыс Түркістан республикасын құрған болатын. Былтыр Шығыс Түркістан республикасының құрылғанына 80 жыл толды. Қазір бұл жер — Шыңжаң (ред. қытайша xīng jiāng - жаңа жер) деп аталады. [2]

1945 жылғы «Ялта» келісімінен кейін біржола тағдыры шешіліп таласқа түскен қазақ жерінің, таланға түскен қазақ елінің бір бөлшегі.

Екінші дүниежүзілік соғыстағы кеңес-герман майданындағы жағдайға байланысты 1941 – 1944 ж. Шыңжаң өлкесінде саяси жағдай қатты шиеленісті. Өлкеде бірін-бірі мойындамайтын күштер көбейді. Осындай жағдайда кеңес өкіметі өзінің оңтүстік шекарасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Шыңжаңдағы оқиғаларға белсене араласты.

Кеңес Одағының тікелей көмегіне сүйенген мұсылман халықтары өкілдерінен құрылған “Құлжа азаттық ұйымы” өзін 1944 жылы 4 сәуірде Қытайдан тәуелсіз мемлекет ретінде жариялады.

1945 ж. 8 сәуірде ШТР-дың Ұлттық армиясының құрылғандығы жарияланды. Бұл армия Шыңжаңды гоминьданшылардан азат етуді жалғастырып, Үрімжі қаласына (Манас өзені) жақын келді. Кеңес Одағы бастапқыда Шығыс Түркістанға әскери-техникалық, саяси жағынан қолдау көрсетіп, жәрдемдесті. Әскери қимылдар жүргізуге кеңестік нұсқаушылар кеңінен араласты. Бірақ кейінірек Кеңес Одағы мен Қытай арасындағы жаңа келісім бойынша Шығыс Түркістанның мемлекеттік егемендігі шектелді. 1945 жылы 12 қазанда Шығыс Түркістанның делегациясы мен Шыңжаң провинциясы үкіметі арасында келіссөздер басталды. Келіссөздер 1946 ж. 2 қаңтарда Үрімжіде “Он бір бітім” деп аталған шартқа қол қоюмен аяқталды. Оның ақтық нұсқасын 6 маусым күні орталығы үкімет мақұлдады. Ол бойынша Шыңжаң халқының азаматтық және діни бостандықтары, заң алдындағы тең құқықтығы мен теңдігі жарияланды. Ұлттық армияның саны қысқартылып, ол провинциясы әскердің бір бөлшегі ретінде ғана сақталатын болды. Келісімшартқа сай ШТР-дың Уақытша үкіметі таратылды. Шығыс Түркістан Қытайдың құрамындағы автономиялық өлке ретінде қалды.

Осы Шығыс Түркістанда тұрып жатқан жергілікті мұсылман бауырлармен қоян-қолтық араласып кету үшін біраз дайындық керек болады. Оны жүзеге асыру үшін түркі тілдес халықтардың тарихынан деректер алынып, қазақ қиссалары жатталады. Кеңестік дәуірде ұмыт бола бастаған ислам дінінің негізгі қағидалары еске түсіріледі. [3]

Жан-жақты дайындықтан өткен бұл әскери бөлім, оның ішінде атам, Тілеубаев Баймұқат бар, 1942 жылы Қорғас өзені арқылы Шығыс Түркістан өлкесіне халық көтерілісіне көмекке аттанады. Бұл кезде Қытайда Гоминдан билігіне қарсы ереуілдің күшейе түскен кезі болатын. Халық жасақтарына қару-жарақ жетпей, әрі соғыс тәсілін жете білмегендіктен, көп шығынға ұшырап отырған. Қазақстаннан барған әскери бөлім ел ішін аралап жүріп, жергілікті қазақ, қырғыз, ұйғыр азаматтарынан жасақ ұйымдастырады. Армия басшылары көтерілісшілерге қару-жарақтан көмектеседі. Аз уақыт ішінде олардан полк құрылады. Бұл кезде Кеңестер Одағының қарулы күштері фашист басқыншыларына қарсы Ұлы Отан соғысында бірталай жеңістерге қол жеткізе бастаған болатын. Майдандағы бұл өзгерістер қытай халқының, онда өмір сүріп жатқан аз ұлттардың көңілін елең еткізіп, бостандыққа деген сенімдерін күшейте түседі. «Аз ұлттар жасағының ісі» өрге басып, бастапқыда полк болып құрылған бұл құрамаға « Синцзяндағы аз ұлттардың дивизиясы» деген ат беріледі. Бұл дивизия Қытай халық Республикасының қазіргі СҰАА (Синцзян ұйғыр автономиялық ауданы) өңірінде жаңа үкіметтің жеңіске жетуіне зор үлес қосады. Осы күнгі Қытайдың қазақ облысының жерін, Тұрпан, Қашқар өңірін азат етіп, онда жаңа демократиялық үкімет орнатуға белсене қатысады. 1949 жылы бұл дивизияға « Аз ұлттардың ерекше бостандық дивизиясы» деген атақ беріледі. Азаттық үшін болған бұл соғыс шығынсыз болмаған. Қытай коммунистік партиясы бастаған жаңа үкімет батыс өңірде жеңіске жеткен соң, 1946 жылы әскери бөлім елге оралады. Ол кезде бұл адамдардың жат жерде істеген еңбегі, көрсеткен ерлігі әскери құпия ретінде сақталған еді.

Баймұқат Тілеубаев өмірбаянын жазғанда Қытай сапарын тек «әскер қатарында болдым» деп қана көрсеткен. Осы қиын-қыстау сапарда онымен бірге Балқаш қаласының Қоңырат елді мекенінен Т.Қордабаев деген азамат болған екен. Ұлы Отан соғысына қатысушы деген куәлікті ол кісі тек 1986 жылы ғана алды. Осыған байланысты жоғары жақтан төмендегідей мазмұндағы телеграмма келген еді.

«Уважаемый Баймухат Тлеубаевич! Примите сердечные поздравления с Новым 196 годом и признанием Вас участником боевых действий по защите СССР. Удостоверение участника войны и лист талонов направлены в кадровый аппарат УКГБ по Джезказганской области. С уважением заместитель начальника отдела кадров КГБ Казахской ССР Никитин В.А.» [1]

Тілеубаев Баймұқаттың 1942-1946 жылдар аралығында қытайда арнайы тапсырмамен болғандығын растайтын ешқандай құжаты болмаған. Сол уақытта онымен бір әскери бөлімде болған Қордабаевта сақталған, 1946 жылдың маусым айында берілген мына құжаттың үлкен көмегі тиеді.

«ЦК ВКП (б) Казахстана направляет в распоряжение обкома партии Кордабаева Т. Спецкомандированного из воинской части 35328 по истечении срока спецкомандировки. Дайте указание секретарю парткома по месту дальнейшей работы товарища о принятии от него членских партийных взносов за весь период нахождения его в спецкомандировке».[4]

Қытайдан оралғаннан кейін Тілеубаев Баймұқат 40 жылға жуық партия және совет органдарында абыройлы қызмет атқарды.

1946-1952 жылдары Қоңырат ауданы Қарабұлақ селолық советінің төрағасы болған. 1953-60 жылдары Ленин атындағы және Бидайық колхоздарында бастауыш партия ұйымының хатшысы болған. 1960-1969 жылдары Қоңырат ауданы, Қусақ ауылдық кеңесінің төрағасы, 1969-1977 жылдары Ақтоғай ауданы Амангелді ауылдық кеңесінің төрағасы болып қызмет жасап, 1977 жылы облыстық дәрежедегі дербес зейнеткерлікке шықты. 10 бала тәрбиелеп, өсірген. Қызмет еткен жылдары республикалық, облыстық, аудандық құрмет грамоталарымен марапатталады.[1]

Бірнеше медальдарға ие болды:

1.«Тың жерлерді игергені үшін» (1957ж)

2.«Еңбектегі үздіктігі үшін»(1966ж)

3.«Ерен еңбегі үшін»(1971ж)

4.«Еңбек ардагері»(1977ж)

5.«Еңбек ардагері»(1981ж)

6.«1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы жеңіске-40жыл» (1986ж.мерекелік медаль)

7.«СССР Қарулы Күштеріне-70 жыл» (1988ж. Мерекелік медаль)

Тілеубаев Баймұқат 1995 жылы 76 жасында өзінің туып-өскен жері қазіргі Нарманбет ауылында қайтыс болды. Ол арқашан шындыққа жақ болып, халық үшін қызмет еткен жан еді. Өзі қызмет атқарған жерлердегі халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге, мәдени және тұрмыстық ошақтардың бой көтеруіне атсалысты. Ұл мен қыз сүйіп, олардан немере көріп, Отанының алдындағы да, ұрпақ алдындағы да парызын адал өтеген Баймұқат Молдабекұлы туралы жарқын естеліктер оны білген адамдардың жадында әрдайым сақталары сөзсіз.

Соғысқа қатысқан аталарымызға зор және ерекше құрмет көрсетіп, еске алып отыру біздің міндетіміз. Біздің осындай бейбіт өмір кешіп жүргеніміз сол аталарымыздың өлшеусіз аққан маңдай терінің арқасында.

Біз қазір бейбіт өмір сүре жүріп, осы күнге жеткенге дейінгі кезеңдерді ұмытпауымыз керек. Аталарымыздың арқасында дастарханымыз бай, Отанымыз аман, еліміз тыныш.

Биыл Ұлы Жеңіске сексен жыл толады. Осы уақыт арасында көптеген өзгерістер болды. Қазіргі өміріміз күннен – күнге гүлденіп, көркейіп келеді. Заман ағымы бір бағытқа түсіп, халыққа жақсы жағдай жасалуда.

Батыр ардагерлеріміз дүниеден озса да, ерліктерін әр уақытта ұмытпай, ұрпақтар сабақтастығы, яғни, біз жалғастырамыз. Мен өз атаммен мақтан тұтамын.

Әдебиеттер тізімі

1 Жақанова Ж. Күпия соғыстың солдатты /Орталық Қазақстан газеті, 9 мамыр, 2009 жыл

2 Шығыс Түркістан /[https://kk.wikipedia.org/wiki/Шығыс Түркістан](https://kk.wikipedia.org/wiki/Шығыс_Түркістан)

3 Жаукен Ә. Соғыс күпиясы: Қытайда кеңес тыңшысы болған қазақ жайлы күпия құжаттарда не жазылған? /<https://kaz.orда.kz/sogys-kupijasy-kytajda-kenes-tynshysy-bolgan-kazak-zhajly-kupija-kuzhattarda-ne-zhazylgan-132485/>

4 Военная тайна: история казаха, который был советским разведчиком в Китае. /<https://www.instagram.com/p/DJbXuUjt0pp/?igsh=dDlvYTM3ZzA3NmIw>